

Қазақстан Республикасы жоғары мектебіндегі экстернат туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі 14 маусым 1994 ж. N 233 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 20 қаңтарда тіркелді . Тіркеу N 51. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы азаматтарының жоғары білім алуға мүмкіндіктерін толық қанағаттандыру және Қазақстан Республикасы "Жоғары білім туралы" Заңына (II бап) сәйкес жоғары оқу орындарында оқыту формаларын кеңейту мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы жоғары мектебіндегі экстернат болсын.
2. Қазақстан Республикасы жоғары мектебіндегі экстернат Ережесі бекітілсін (қ о с а б е р і л е д і) .
3. Экстернат оқытудың ерекше формасы, оны жоғары оқу орнына ендіру және оған экстеріндерді қабылдау жеке түрде үлкен жауапкершілікпен қарастыру керектігі басшылыққа алынсын.

Министр

Қазақстан Республикасы білім
Министрлігінің "14" 06 1994 ж.
N 233 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына экстернат туралы ереже

1. Экстернат бекітілген сынақтар мен емтихандарды тапсырған, сабақтарға қатыспай өздігімен толық жоғары білім курсын немесе оқу тәртіптерін меңгерген Қазақстан Республикасы азаматтарының жоғары оқу орындарында өздігінен білім алу түрі болады .

2. Білім Министрлігінің рұқсаты бойынша, атап айтқанда филологиялық, жалпы экономикалық және социалды-гуманитарлық мамандықтар бойынша, мемлекеттік жоғары оқу орындарында ерекше жағдайларда экстернат құрылуы мүмкін .

3. Құрамын ректор бекіткен арнайы комиссия экстернатқа қабылдау жүргізеді .

Экстернатқа қабылданады :

- орта білімі бар, инвалидтігіне байланысты жоғары білім алуға өндірістен

қол үзіп немесе қол үзбей оқуға мүмкіндігі жоқ азаматтар;
- жоғары білімі бар, сонымен бірге екінші жоғары білімді экстерлі түрде
алғысы келетін азаматтар.

4. Экстернатқа қабылданғандарға белгіленген үлгіде есеп кітапшасы беріледі.
Студенттер үшін белгіленген жеңілдіктер, экстерндерге таратылмайды.

5. Экстерндермен сабақтар мен консультациялар жүргізілмейді.
Декандардың бағыттамаалармен емтихандар мен сынақтарды профессорлар
немесе доценттер қабылдайды.

6. Бес жылдан көп емес уақытта оқу бағдарламасы бойынша барлық курстық
емтихандар мен сынақтарды ойдағыдай тапсырған экстеріндер мемлекеттік
емтихандар мен дипломдық жұмыстарға рұқсат алады.

Жоғары білім туралы диплом экстерндерге жалпы негіздер бойынша беріледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
б і л і м М и н и с т р л і г і н і ң

Жоғары білім бас басқармасы